Профилактикалық екпелерді жүргізуге вакцинациялау техникасын, егуден кейінгі реакциялар мен асқынулар кезіндегі шұғыл шараларды жүргізу ережелерін оқытатын, екпелерді жүргізуге рұқсаты бар жоғары және орта медициналық білімі бар тұлғалар жіберіледі. Вакцинация медбикесінің кәсіби екпелерді жүргізуге рұқсаты бар. Біздің медбике жыл сайын біліктілігін арттырып, сертификаттаудан өтіп, кәсіби егу жүргізуге рұқсат алады. Профилактикалық егу жүргізілетін кабинет міндетті түрде қолдану жөніндегі нұсқаулықтары бар жедел және шокқа қарсы терапияға арналған жиынтықтармен қамтамасыз етіледі.

Профилактикалық екпелерді жүргізу үшін Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген медициналық иммунобиологиялық препараттар қолданылады.

Профилактикалық егулерді жүргізер алдында вакцинацияланған адамның медициналық құжатында профилактикалық егулерді жүргізуге рұқсат ала отырып, егілген адамды міндетті түрде дәрігер, ал ол болмаған жағдайда – фельдшер тексереді. Дәрігер немесе фельдшер Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген азаматтарды, ата-аналарды немесе кәмелетке толмағандардың өзге де заңды өкілдерін профилактикалық екпелерді жүргізуге

тексеріп, келісімін алғаннан кейін медициналық көмекке жүгіну қажеттілігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.


Жыл сайын кәсіби егу жоспары жасалады және осы жоспар бойынша кәсіби егулер жүргізіледі. Барлық егу жұмыстары жоспарға сай 100% орындалды. Вакцинациядан кейінгі реакциялар тіркелген жоқ. Барлық жүргізілген вакцинациялар медициналық қызметкердің тіркеуіне жатады және келесі ақпаратты камтиды: препаратты енгізу күні, препараттың атауы, серия нөмірі, доза, бақылау нөмірі, жарамдылық мерзімі, препаратты енгізу реакциясының сипаты, туған елі. Көрсетілген деректер медициналық құжаттарды тіркеу бланкілеріне енгізіледі. Сондай-ақ жоспардан тыс 150 бала тұмауға қарсы екпе алды. Туберкулезді диагностикалау жұмыстары 100 пайызға орындалды. Вакцинация туралы барлық есептер керекті органдарға беріледі (СЭС, поликлиника, білім бөлімі және т.б.). Мектеп оқушыларын профилактикалық медициналық тексерулерден өткізу.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығымен 2009 жылғы 10 қарашада N 685 профилактикалық медициналық тексеріп-қараулардың ережелері мен кезеңділігі белгіленді. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылы 26 қарашада тіркелді. 18 жасқа дейінгі мектеп оқушыларын профилактикалық медициналық қарап-тексеруді аумақтық алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымының мамандары білім беру ұйымдарының аумағына бару арқылы жүргізеді. Сараптама қорытындысы бойынша анықталғандардың барлығы мамандарға қосымша тексеруге жіберілді. Ай сайын жүргізілген профилактикалық медициналық тексерулерге талдау жүргізіледі. Қосымша диагностикалық сынақтар мен мамандандырылған мамандардың қарауы керек болған жағдайда жүргізіледі.

Мейірбике персоналы (жауапты тұлға (м/с Қожахметова М.С.) профилактикалық медициналық тексерудің қорытындысы бойынша) профилактикалық тексеруден өткен және одан әрі тексеруге жіберілген нысаналы топтағы мектеп оқушыларының тексеруге шақырылған тізімін нақтылайды. Бағыт КМИС-ке енгізіледі және ақпараттық өзара әрекеттесу арқылы беріледі. Медициналық тексеру қорытындысы бойынша сауығып, қосымша тексеруден өткендердің үлесі 89 пайызды құрап отыр. Жаз мезгілінде қалған 11% тексеруден өтеді.

Сондай-ақ, жоспарға сәйкес жасөспірімдер диагностикалық орталықта флюорологиялық тексеруден өтеді. Оң нәтижелер тіркелген жоқ.

2021-73, 2022-71, 2023-76



Мектеп оқушыларының жалпы аурушандығын төмендету және иммундық жүйенің жұмысын қалыпқа келтіру үшін медициналық бөлімшеде әртүрлі сауықтыру шаралары қолданылады.

Іс-шараның негізгі мақсаты – мектеп оқушыларының назарын белсенді өмір салтын сақтауға аудару, дене шынықтырудың денсаулыққа пайдасы туралы түсініктерін арттыру, сонымен қатар күнделікті жеткілікті физикалық белсенділік дағдыларын қалыптастыру.

Мақсаты:

- белсенді өмір салтын ұстануға мектеп оқушыларының назарын аудару;
- тұрақты физикалық белсенділікке деген ұмтылысты қалыптастыру;
- мектеп оқушыларының физикалық дамудың салдары туралы хабардар болу деңгейін арттыру;
- Балалар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін ақпараттық алаң құру;
- денсаулықты сақтау және нығайту пайдасына балалардың оң пікірін қалыптастыру;
- жоғары еңбек және қоғамдық белсенділікті сақтау.

Кіші мектеп жасындағы балалардың ұтымды қозғалыс режимін қолдану балалардың физикалық және психикалық денсаулығын сақтауға және нығайтуға, дене шынықтыру процесінің тиімділігін арттыруға, сабақта және өз бетінше жаттығуларда дене белсенділігін арттыруға көмектеседі; балалардың дене тәрбиесі мен адам денсаулығына деген қызығушылық деңгейі; олардың денсаулығы мен дене дайындығына құндылық көзқарасын дамытуға мүмкіндік береді; және балалар мен жасөспірімдерде семіздіктің басталуын болдырмайды, бұл көбінесе дұрыс тамақтанбаумен қатар төмен физикалық белсенділіктің нәтижесі болып табылады.

Бірқатар іс-шаралар тұрақты түрде өткізіледі, мысалы:

1. «Ерте жүктіліктің алдын алу, жасөспірімдер гигиенасы» м/с Жалбаева С.А.
2. Тікелей эфир білім бөлімімен бірлесіп «Жұқпалы аурулардың алдын алу» М.Ж. Сағымбекова (instagram парақшасы Balkhash bilim bolimi)
3. «Жіті респираторлық вирустық инфекциялардың, вирустық инфекциялардың профилактикасы» - Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының педиатры С.В.Клюнников, жаттығу терапиясының нұсқаушысы Менаяков.

4. «Жастайынан денсаулығын сақта» Жалпы тәжірибелік дәрігер Ж.А.Әбдіразақ.
5. «Балалар арасындағы асқазан аурулары» м/с М.Қыстаубаева.
6. «Жолдағы, судағы, орт кезіндегі кәуіпсіздік еңбектері» м/с М.Қожахметова.
7. «Профилактикалық екпе» тақырыбында ата-аналар жиналысы – Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының педиатры С.В.Клюнников, қалалық мешіттің наиб имамы Қ.С.Тұрлыбек.

Интернат әкімшілігі жүйедегі өзін-өзі бақылау шеңберінде оқушыларға медициналық көмек көрсету жағдайын бақылайды. Оқушыларға медициналық көмек көрсетудің сапасын арттыру мәселелері директормен кездесулерде талқыланып, мектептің педагогикалық кеңесінің отырысына шығарылады. Медициналық бөлімшенің материалдық-техникалық базасын нығайту жұмыстары жүргізілуде.

Мектеп әкімшілігі жазғы уақытта балалардың денсаулығына көп көңіл бөледі. Медицина қызметкерлері салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында мектеп оқушылары мен педагогикалық ұжымы арасында жүйелі санитарлық ағарту жұмыстарын жүргізеді (әңгімелесу, лекция, санитарлық бюллетень шығару), санитарлық бюллетеньдер мен медициналық ақпараттар жазылған стендтер бар.

2.4.3. Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы.

Қосымша. Тамақтану объектісінің құжаттары, 11-қосымша
<https://cloud.mail.ru/public/HWP5/a5yDxQenW>

Мектеп бойынша асхана 150 орынға арналған. Асхананың жалпы ауданы – 547,56м². Бөлме саны – 7. Ас даярлайтын бөлменің ауданы – 53,6м². Ас ішетін бөлменің ауданы – 185м², қойма -48 м². ыдыс жуатын болме- 20,4м². Ас ішу залында үстелдер, орындықтар, қол жуатын раковина, сұйық сабын, қоқыс салатын жәшік орналастырылған. Асханада «Ас адамның арқауы!» тақтасы, ақпараттық стендтер ілінген. Мектеп-интернатының штаттық кестесі бойынша асханада 1 бас аспазшы, 2 аспазшы, 2 аспазшының көмекшісі, 1 ыдыс жуушы, 1 еден жуушы бар. Санитарлық кітапшалары талапқа сай, медициналық тексерістен уақытылы өткен. Жұмыс барысында халат, фартук, орамал, екінші аяқ киім киеді. Ас пісіру барысында қолдарына арнайы резеңке бес саусақты қолғап киеді. Ауыстырып отыруға халат, фартук, орамалдары үш данадан бар. Ас дайындау барысында, асхана ішінде санитарлық талаптарды орындайды.

Тұрмыстық техникадан келесі заттар тіркелді:

Электр плитасы - 1 дана, алты оттық электр плитасы - 2 дана, қуыруға арналған шкаф – 2 дана, электрондық таразы – 1 дана, Барлық плиталардың пештері жұмыс жасайды. Тоңызытқыш (мұздатқыш камерасымен) - 5 дана , мұздатқыш камерасы – 4 дана, электрлік ет тартқыш -1 дана, , жабдықтау және шығару желдету жүйесі, ыдыс-аяқ пен ас үй ыдыстарын жууға арналған 3 секциялы жуу ваннасы, ыдыс – аяқпен толық қамтылған.

Қосымша. Бейнебақылау жүйесіне техникалық қызмет
<https://cloud.mail.ru/public/RamP/ZHfw6v1ji>

Қосымша. Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындылары
<https://cloud.mail.ru/public/xjpT/A51d9bHTD>

Қосымша. Өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікті тексеру АКТ
<https://cloud.mail.ru/public/UpqQ/iP1YmYtzv>

Қосымша. Педагогикалық кеңес хаттамалары
<https://cloud.mail.ru/public/nrT8/ttEUwGPUy>

Қосымша. Материалдық-техникалық база /фото, видео/
<https://drive.google.com/drive/folders/1mJVfVfpAATKKAAdotEO4MU2gBrazUCo8G?usp=sharing>

edu.kz аймақта үшінші деңгейдегі домендік атау <https://balhshint.edu.kz/>

2.5. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор

Қосымша. 12-қосымша

<https://cloud.mail.ru/public/xwYD/2Em74FKKn>

Мектеп кітапханасының көрсететін басты қызметтерінің бірі – ақпарат кеңістігіне жол ашу, білімді қалыптастыру, мектептің оқыту-тәрбие процесіне үлес қосу.

Қазіргі заманда баланы әдеби кітаптарды оқуға тарту білімнің қайнар көзі болып табылады, жас оқырманның рухын жетілдіреді, жүрегі мен миын азықтандырады, өзін-өзі тану сезімін оятады, өз ісінің дұрыстығын дәлелдей алатын, өмірге бейімді болуды үйретеді.

Кітапхана көп функциялы құрылым: оқулықтар қоры, негізгі кітапхана қоры, мерзімді басылымдар қоры, CD-медиа, интернет желісі бар. Мектептің тәрбие жоспарына сүйене отырып, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының білім туралы», «Кітапхана ісі туралы» Заңдарын басшылыққа ала отырып, «Мектеп кітапханасы туралы ережеде» мектеп кітапханасының алдына мынадай мақсаттар мен міндеттер қойылды.

Мектеп кітапханасының мақсаты:

Білімді ұрпақ – егеменді елдің берік тірегі. Біз білімді ұрпақ, білімді тұлға дегенде рухани жан - дүниесі бай, білім мен біліктілігі жоғары, талап-талғамы терең, салауатты өмір салтын дұрыс қалыптастырған тұлғаны айтамыз. Түбегейлі өзгерістерге бет бұрған жаңа қоғамда тек білімді болу, жеткіліксіз, сондықтан әрбір жеке тұлғаның бойында адамгершілік, ізгілік, кішіпейілділік, қайырымдылық, батырлық, отансүйгіштік, тағы басқа қасиеттер болу керек. Жас ұрпақтың өз отанына деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында туған өлке туралы білімін кеңейту .

Оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін, оқуға деген ынтасын арттыру – кітапханашының мақсаты. Оқырмандарға әдебиетті насихаттаудың жаңа әдістері мен технологияларын іздестіру. XXI ғасыр азаматтарына алуан түрлі ақпараттар ағымында жөн сілтеп, пайдалыларын өз игіліктеріне жұмсауға үйрету, ақпараттық қоғам тіршілігіне әзірлеу.

Мектеп кітапханасының міндеттері:

Оқу процесін қажетті құжаттармен қамтамасыз етуге міндетті орын - мектеп кітапханасы. Мектеп кітапханасының қызметтері педагогтерге қызмет көрсете отырып, сонымен қатар сыныпқа арналған және сыныптан тыс қызмет көрсететін көпшілік жұмыстар атқаруға міндетті.

1. Дәстүрлі дәстүрлі технологияларды жетілдіру және жаңа кітапханалық технологияларды дамыту;
2. Мұғалімдерге, ата-аналарға, оқушыларға ақпарат алуда кеңес беру;
3. Ақпаратты жинау, жинақтау және өңдеу, оны пайдаланушыға жеткізу.
4. Кітапхана өз қызметінде Қазақстан Республика үкіметінің кітапхана ісінің мәселелері жөніндегі шешімдерін, Білім министрінің бұйрықтарын және осы жоспарды басшылыққа алады.
5. Кітапхана өз жұмысын педагогикалық ұйыммен бірле отырып атқарады.
6. Оқырмандарға тез және сапалы қызметін көрсету.
7. Қарыз кітапқа немқұрайлы қарайтын оқырмандармен жұмыс жүргізу.
8. Оқулықтарды тексеру бойынша рейд жүргізу.
9. Кітап қорын жинақталуын, есепке алынуын, орналастырып сақталуын ұйымдастыру.
10. Кітапхана қазіргі талапқа сай безендіріп, оқырмандармен белгіленген жоспар бойынша әдеби кеш, конференция, дөңгелек стол, ақын- жазушылардың шығармашылық кештерін өткізу.
11. Оқырманның кітаппен өз бетінше жұмыс істеу жолдарын меңгерту, кітап арқылы ой – өрістерін, рухани жан дүниесін кеңейту, білімді парасатты азамат етіп тәрбиелеу.

Кітапхана туралы қысқаша мәлімет

1. Кітапхана мектеп-интернатының жатақханасының бірінші қабатында орналасқан.
2. Кітапхананың жалпы ауданы 104,3ш.м.
3. Оқу залында – 16 орындық
4. Кітапхананы жарықтандыру санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келеді
5. Кітапханада абонемент және оқу залының жұмысы ұйымдастырлады.

Кітапхана меңгерушісі Анитова Светлана Айтмағанбетовна, жалпы еңбек өтілі 55 жыл, оның ішінде кітапханалық жалпы еңбек өтілі – 53 жыл, осы мектепте кітапханалық өтілі – 27 жыл.

Кітапхананың материалдық-техникалық жабдықталуы:

- оқырмандарға арналған үстелдер – 4 дана.
- орындықтар - 16 дана.
- жұмыс үстелі - 2 дана.
- кітап көрмелерінің сөрелері - 10 дана.
- кітап сөрелері (екі жақты)- 25 дана.
- Формуляр жәшігі - 1 дана.
- компьютерлер - 8 дана, ПИК - 1
- Жалюз– 2 дана (9 терезе, 7 -інде шторлар)
- ақпараттық стендтер - 3 дана.

- принтер - 2 дана.(1/ 3 в одном, 1 – цветной)

Кітапхананың нормативтік базасы

Қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін мектепте қажетті нормативтік-құқықтық база бар:

- Мектеп кітапханасының нормативтік құжаттары
- Мектеп кітапханасы туралы ереже.
- Мектеп кітапханасының төлқұжаты.
- Кітапхананың жылдық жұмыс жоспары
- Мектеп кітапханасының жылдық есебі
- Кітапхананың жұмыс күнделігі
- Кітапхананың жұмыс кестесі
- Кітапхананың негізгі қорының жиынтық есебі
- Кітапханаға түсетін әдебиеттерге ілеспе құжаттар
- Кітапхана қорының мүлік кітаптары
- Уақытша сақталатын оқулықтар қорының есеп дәптері.
- Кітапхана қорын аударуды есептен шығару актілері
- Кітапхана қорын түгендеу және тексеру жүргізу туралы акті
- Оқулықтардың кітапхана қорының есеп кәртішкелерін тіркеу журналы, есеп кәртішкелерінің картотекасы.
- Сыныптар бойынша оқулықтар беру журналы немесе , оқырман формуляры
- Оқырмандардан жоғалтқан орнына алынған кітаптардың есепке алу дәптері
- Кітапхана кеңесі мен белсенділері.
- Мерзімді басылым құжаттары .
- Кітапхана қорының қозғалысы туралы құжаттар

Кітапхана қорын қалыптастыру

Мектеп кітапханасының оқу қорын толтырудың негізгі әдісі – алдын ала тапсырыс беру. Қарағанды ҚБ әдіскеріне ақпан айында бұйрық жіберіледі, оған сәйкес мектепке жаңа оқу жылына оқулықтар тамыз айында қабылданады.

Кітапхана келіп түсетін оқу әдебиеттерін қабылдайды және өңдейді, жыл сайын қаржыландыру циклі бойынша оқу әдебиеттерін, тозығы жеткен және мазмұны бойынша ескірген әдістемелік және көркем әдебиеттерді есептен шығарады (*кейінгі 3 жылда кітапханада уақыты озған, тозығы жеткен кітап пен оқулықтар есебінен шығарылған жоқ, облыс өткізбеді*).

Кітапхана қорының көрсеткіштері

№	Көрсеткіштер	2021-2022	2022-2023	2023-2024	Үрдісі
1	Жалпы кітап қоры	36872	38225	40131	Оқулықтармен толықты.
	оның ішінде: оқулықтар мен оқу- әдістемелері	16313	17124	18287	
	көркем және басқа да әдебиеттер	14726	16366	16374	

	Электронды оқулықтар	350	434	434	
	дәптерлер	808	1258	2001	
2	Бір жылда барлық түскені	3473	1353	1906	2021 жылы 1507 дана көркем әдебиет пен толықты + қосымша кітапхана қоры «Кітапханаға кітап сыйлайық» акциясы бойынша 143 данаға өсті.
	оның ішінде: оқулықтар мен оқу әдістемелері,	927	811	1163	
	көркем және басқа да әдебиеттер	1640	8	36	
	Электронды оқулықтар	87	84		
	оқушы дәптерлері	808	450	743	
3	Бір жылда есептен шығаруға тиісті кітаптар (дайындалған акті бойынша)	2902	3748	695	Есептен шығару акті дайындалды бірақ өткізілмеді. 2021 – 2023жж даяр акт: оқулық және әдеби шығармалар жалпы саны 7345 дана 6209456 тенгеге Облыс шешімін тосудамыз
	оның ішінде: оқулықтар	431	863	655	
	оқу әдістемелері	121	8		
	брошюралар	32			
	Тозығы жеткен әдеби шығармала	2264	2182		
	оқушы дәптерлері	54	655	40	
	Электронды оқулық		40		

Қорытынды: мектеп кітапханасының негізгі мәселелерінің бірі – тозығы жеткен көркем, әдістемелік және басқа әдебиеттер қорын кейінгіш жылда есептен шықпай отыр.

Оқулықтармен қамтамасыз ету

Оқу жылы	Оқушы саны	Оқулықсаны	% қамтамасыз етілгені	% қажет
2021-2022	392 каз.сын. 17рус.яз.об	16313	100%	Қала мектеп кітапханаларымен
2022-2023	373	17124	100%	алмасып аламыз, орыс сыныбының
2023-2024	367	18287	100%	оқулықтарын №17,24 мектептерде алдық

Қорытынды: оқушылар оқулықтармен толық қамтамасыз етілді. Қала мектеп кітапханаларынан жеткіліксіз оқулықтарды өзара акті арқылы жыл соңына дейін уақытша пайдалануға алмасып аламыз.

Кітапхана көрсеткіштері

Оқу жылдары	Оқырман саны	Келушілерсаны	Кітап берілімі	Қор айналымы	Келуі	Оқылымы
2021-2022	407	7380	11175	0,6	18	27
2022-2023	432	9998	12062	0,65	23	27
2023-2024	402(01.03.2024)	5259	6962	0,4	13	17

Оқырмандармен жұмыс – кітапхана жұмысының негізгі бағыттарының бірі. Кітапхана қызметі «Кітапхана туралы ережеге», «Кітапхананы пайдалану ережелеріне» сәйкес жүзеге асырылады. Оқырмандар көркем, ғылыми, оқу-әдістемелік, анықтамалық және басқа да әдебиеттерді уақытша пайдалану үшін алады, библиографиялық және анықтамалық- ақпараттық қызметтерді пайдаланады, қоғамдық іс-шаралар. Оқырмандар арасында кітапхананы өз бетінше қолданушы дағдыларын дамыту, мектеп оқушыларын жүйелі оқуға, танымдық қызығушылыққа, оқу бағдарламаларын меңгеруге тәрбиелеу шаралары жүргізілуде.

Жеке қызмет көрсетудің негізгі нысандары:

- кітапханаға жазу кезіндегі әңгімелер,
- басқа мектепке ауысқанда, мектепті бітіргенде әңгіме,

-оқырмандардың формаларын талдау.

Кітапхана жұмысында оқушыларды кітапқа баулу, кітап оқуға деген қызығушылығын ояту үшін түрлі формалар мен әдістер қолданылды.

Топтық және бұқаралық қызметтің негізгі нысандары:

- кітап көрмелері
- жаңа әдебиеттерге ашық көзқарас
- оқу сайыстары
- кітапқа шолулар
- Кітапханаға экскурсиялар
- викториналар
- жалпы мектепшілік іс-шараларға және пәндер бойынша онкүндіктерге қатысу
- Конференция, семинарлар, мұғалімдер кеңестеріне қатысу

Өткізілген іс-шаралар тізімі

2021-2022 оқу жылы	Тұрақты көрме	Кітап көрмелер	Көпшілік шаралар	Отбасылық оқу
	«Туған өлкем-қандай көркем, өзіңді әрқашанда жырлап өтем» Өлке тарихы	«Жыр алыбы-Жамбыл Жабаев:175 жылдығы»		«Оқуға құштар сынып» 20 минуттық оқу әр аптаның сейсенбі, жұма күндері

	«Мәңгілік ел құндылықтары: Туған жердің әратасы-біздің алтын тағамымыз»	«Ағартушы- педагог, балалар әдебиетінің ы.Алтынсарин-110 жыл»		Кітапханада аптаның әр дүйсенбі-жұма күндері 1-11 сыныптар
	«Мәңгілік ел құндылықтары: Ардақ тұтар алыптары»	«Қазақтың үш қыраны! Алғашқы ұшқанына 30 жылдығына арналған»	Тарих өткізілген кітап көрмесіне шолу	
	Тәуелсіздік дәуірі. Қазақстан: Жамаспаздық, бейбітшілік пен өрлеудің 30 жылы»	«Мен мамандықты таңдаймын»		
	«Тәуелсіздіктің 30 жылдығына-30 кітап» рухани мәдени акциясы 2021 жылдың авторлары	«Рухани келісім күні-татулықтың бастауы»	«Рухани келісім-татулықтың белгісі танымдық сағат	
	«Бір ел-бір кітап» «Ұлттың ұлы ұстазы-Ахмет Байтұрсынов	«Теңге- ұлттық валюта»	2021 жылы 14 қараша күні – төл мерекеміз Теңге күніне арналған танымдық сағат	
	«Оқуға құштар мектеп» «Біз оқитын кітаптар»	«М.П.Русаковқа -129 жыл»	Михаил Петрович Русаковтың туғанына 129 жыл толуына арналған әңгіме-шолу өткізілді.	
	«Адамның бір бақыты бала деген» 2022 – балалар жылы	«Жаңа кітаптар» сөресі	«Кітапханаға саяхат»	
		«Тәуелсіздік тастауы: ЖЕЛТОҚСАН»	«30 жыл! 30 асу! 30 белес!» Тәуелсіздіктің 30 жылдығына білгірлер сайысы	«Каникулда бірге оқимыз»
	«Балалар –кітап әлемінде»	«Еліміздің ардақ тұтар алыптары: Д.А.Қонаев -110, Р.Т.Бағланова-100, К.Ж.Байсеитова-100, Г.Мүсрепов-120»	«Мұқағали мәңгілік ғұмыр» поэзия сағаты	
		«Өткені сырлы, келешегі нұрлы, Балқашым!»-85 жылдыққа	«Ахмет Байтұрсынов-ұлт мақтанышы» әдеби-кеш	

		«Қазақ поэзиясының- Хан Тәңірі М.Мақатаев»	« Мұхтар Әуезов қазынасы-адамзат қазынасы әдеби кеш	
		«Ерліктері ұран болған-жауынгер-интернационалистер»	«Ауған соғысы және ауған-тәжік соғысының ардагерлерімен кездесу-кеш	
		«1 наурыз-Алғыс күні»	«Мектеп оқулығына қамқорлық жасаңыз!» атты акция	
		«Аяулы, асыл жандар-8 наурыз әйелдер күні	«Ең үздік оқырман 2021-2022 оқу жылында 2-4 сыныптар	
		«Наурыз мерекесі құтты болсын!»	Ең үздік оқырман 2021-2022 оқу жылында 5-9 сыныптар	
		«Кітап әлемі»		
2022-2023 оқу жылы	«Оқуға құштар мектеп» мектепте 2 қабатта	«Тілдер әлемінде» Оқушыларға ана тілін білудің маңызы жайлы айту, ана тілін құрметтеу.		«Оқу сағаты» 20 минуттық
		«ӘУЕЗОВ ӘЛЕМІ» 125 жылдығына арналған кітап көрмесі	М.Әуезовтың 125 жыл.мерейтойына арналған «Мұхтар қазнасы - адамзат қазынасы» әдеби кеш 8-9	
	Букросинг мектепте 1 қабатта	«Ғаламторды кітаппен алмастыруға бола ма?»	«Білгірлер сайысы»	«Оқырман отбасы» блиц сұрақтар
	2023 жылғы-мерей той иелері: Мағжан Жұмабаев - 130, Шәкәрім Құдайбердіұлына- 165,		«Үш қаламгер»: М.Әуезов-125, Шерхан Мұртаза -90, Оралхан Бөкей» танымды сағат	
	«Бір ел-бір кітап» «Ұлттың ұлы ұстазы-Ахмет Байтұрсынов		«Туған елге соңғы сөзбен» Ғ.Мүсіреповтың 120 жылдығына арналған танымдық сағат	
	«Бір ел-бір кітап» Т.Әбдіков шығармалары	«Тәуелсіздік баға жетпес байлық» кітап көрмесі	«Баспасөз беттерімен таныс бол» Балалар журналына шолу, әңгімелер	«Каникулда кітап оқимыз» марафон

			оқу, оқығандарымен бөлісу	
			«Оқырман отбасы байқауы» Өмірзақ Досжан, Мугражов Бауыржан отбасылары	Оқырмандарды отбасымен кітап оқуға шақыру. Кітапхана мен отбасы арасындағы қарым қатынасты қалыптастыру
	«Жаңа әлем-жаңа Қазақстан»		«Жастар – ел тірегі» пікірталас	
	«Атаулы күндер күнтізбесі»	«Ұлттық валюта – теңгемізге 29 жыл» кітап көрмесі	«Ұлттық валюта – теңгемізге 29 жыл» сұрақ-жауап	Ұлттық валютаның тарихы, жетістіктері мен ерешеліктерін түсіндіру
	«Ақпарат жаршысы»		«Біз білеміз бе?» ел тарихынан хабарымыз бар ма? Блиц-турнир	
			«Кітапханаға саяхат» №3 филиалға	
		«Біз жазылған журналдар»	«Бала би» журналдарына шолу	
			«Іздейік, табайық, білейік!» энциклопедиямен жұмыс, ізденіс жұмысы	
			«Әлемдегі ең үлкен кітапханалар» танымдық сағат	
		«Тәуелсіздік жетістіктері» кітап көрмесі	«Тәуелсіздік жетістіктері» білімпаздар байқауы	
			«Кітаппен өткен демалыс күнім» «Демалыс күн» клубында оқу сағаты	
		«Тәуелсіздік баға жетпес байлық» кітап көрмесі	Кітап көрмесіне шолу	
			«Қара бауыр қасқалдақ» өлең тарихы, авторлары туралы мәлімет. танымдық сағат	

		«Қаңтарда туған Қаламгер»	«Қаңтарда туған Қаламгер» І.Есенберлиннің өмір жолы мен шығармашылығына арналған дөңгелек үстел	
		«Бір ел – бір кітап» Республика акциясы аясында. «Төлен Әбдікұлы шығармалары» көрме	«Бір ел – бір кітап» Республика акциясы аясында. «Төлен Әбдікұлы шығармалары» көрмемен таныстыру	Төлен Әбдікұлына арналған шығармашылық шолу
			Оқуға құштар айлығына орай «Интернетсіз бір күн» акциясын өткізу	Өскелең ұрпақтың бірғаламтор желісіне тәуелді болмауы және оның алдын алу шарасы, парасатты жастарды тәрбиелеп, жастардың бойында ұлттық мәдениетті қалыптастыру".
		М.Мақатаевтың туған күніне арналған кітап көрмесі,	«Дариға-жүрек» жыр байқауы М.Мақатаевтің шығармашылығына арналған	
		«Ауған соғысының ардагерлеріне тағзым»	«Ауған соғысының ардагерлеріне тағзым» кітап көрмесіне шолу	
		1 наурыз -Алғыс айту күні	«Алғыс айту» күніне танымдық әңгіме	
		«8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне» арналған кітап көрмесі	«Блиц- турнир» оқылған кітаптар бойынша	
		«Бақ береке бастауы,Наурыз» кітап көрмесі	«Мен мамандықты таңдаймын» атты 8-9 сыныптар арасында танымдық сағат өтті.	
		«Кітап-ғажайып әлемі»	«Кітап-ғажайып әлемі» кітап мерекесіне	
		«Ел рухын көтерген ер» кітап көрмесі	«Ел рухын көтерген ер»	«Отбасы- өмірдің басты символы»

			Қ.Қайсеновтің 105 жылдығына арналған әдеби-кеш	пікір алмасу
		«Ерлік даңқы ешқашан өшпейді» кітап көрмесі	«Біз білеміз бе?» сұрақ –жауап Халық қаһармандары, Ұлы Отан соғысының ерлері туралы	Жылдық мектеп күні «Бар білімнің қайнар көзі - кітапхана»: <ul style="list-style-type: none"> • «Біз оқыған ертегілер» • «Мерейтойлық кітаптар лентасы» • Сахналық көрініс А.Байтұрсыннов «Анағат» • Абайдың қара сөзі М.Жұмабаев «Батыр Баян» поэмасынан үзінді
2023-2024 оқу жылы	«Конституция-тұрақтылық пен тәуелсіздік кепілі»	«Сәлем, жаңа оқу жылы!» кітап көрмесі		Отанға, еліне, тіліне, өз мектебіне деген сүйіспеншілігін арттыру, оқу құралдарын күтіп ұстауға тәрбиелеу эстетикалық-этикалық тәрбие беру.
	«Бір ел-бір кітап-2024» «Балалар әдебиетінің атасы» Б.Соқпақбаевқа 100 жыл			
	2024 жылғы мерейтойиелері: <ul style="list-style-type: none"> • Ә.Нұрпейісов • С.Сейфуллин • І.Жансүгіров • Ж.Аймауытов • Б.Майлин • Кенен Әзербайев • К.Сәтбаев • Ә.Марғұлан • Ә.Қастеев 	«Тілім менің тірегім»		Оқырмандарға даталы күндерді таныстыру

Бір ел-бір кітап» Б.Сокпақбаев шығармалары мобильді кітапхана стендінде	«Мұзтаудың мұзбалағы» О.Бөкейге арналған көрме	«Мұзтаудың мұзбалағы» кітапқұмарлар фестивалі	
«Жаңа кітаптар- таным болайық»	«Қарттарын қадірлеген ел ардақты»	«Мои года-мое богатство» кездесу- кеш	
	«Жауынгер. Жазушы. Азамат» К.Тоқаевтың 100 жылдығына арналған көрме	«Жауынгер. Жазушы. Азамат» К.Тоқаевтың 100 жылдығына арналғын танымдық сағат	
	«Ұстаз – ұлы тұлға»		
	«Қазақстан – татулық, ынтымақтың мекені»		
	«Қазақстан –менің туған елім»! Республика күніне		«Күздік каникулда оқитын кітаптар» кітаптар тізімі
«Мәңгілік ел құндылықтары: Туған жердің әр тасы-біздің алтын тағымыз»	«Балалардың сүйікті жыршысы» М.Әлімбаевтың 100 жылдығына арналған	«Балалар жыршысы – Мұзаға» М.Әлімбаевтың 100 жылдығына арналған әдеби-кеш	
«Мәңгілік ел құндылықтары: Ардақ тұтар алыптары»	«Ұлттық Валюта – Теңгемізге 30 жыл»	«Ұлттық валюта» танымдық ойын	
	«Қараша – поэзия айы: *Ақан сері, *Қ. Бекхожин	Кітап көрмесіне шолу	
	«Михаил Русаков: өмірі өнеге»	Қалижан Бекхожин 110 жылдығына арналған шығармаларымен танысу сағаты	
	«Тәуелсіздік жетістігі»	«Дәуір данасы: Қожа Ахмет Яссауи-930 жыл» танымдық сағат	«Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз» кітаптар тізімі
	«Желтоқсан жаңғырығы»	«Біз оқыған ертегі» қуыршақтар көрінісі	
		«І.Есенберлиннің «Ұлттық мүдде» тарихи шығармаларымен танысу танымдық	

			сағат	
			«Мектеп кітапханасына саяхат» 1 а, сыныптары	Білімнің кілті кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы жайлы түсіндіру Кітапханамен таныстыру
			Мектеп кітапханасында Инклюзия балаларға арналған танымдық сағат 1-4 сынып оқушыларына	
			Абай оқулары 5-8 сынып	
			«Мұқағали-мәңгілік ғұмыр» М.Мақатаев шығармаларынан байқау	
			Кездесу-кеш «Ауған соғысының ардагерлері»	
	Тоғыз айға 9 іс-шара	Оқуға құштар мектеп челленджі	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушыларды кітапханаға тарту, оқуға деген қызығушылықтарын арттыру	Кітап оқу мәдениетін дәріптеу челленджі

Өзін-өзі тәрбиелеу .

Мектеп кітапханашысы өз жұмысында кәсіби басылымдардағы «Мектептегі кітапханашы», «Мектептегі кітапхана» «Мектептегі мерекелер», «Дәстүр», «Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар», «Өзін-өзі тану», «Білім беру мекемесі басшысының анықтамалығы» өз әріптестерінің іс-шараларына қатысу және талдау, қалалық семинарларға қатысу арқылы біліктілігін арттырады.

Қорды сақтау бойынша жұмыс

Ерекше құнды басылымдар (сөздіктер, анықтамалықтар, энциклопедиялар) бөлек сөреде сақталады. Жылына бір рет кітапхана қоры, жарты жылда бір рет оқырман формулярлары тексеріліп, борышкерлерге кітаптардың кітапханаға уақытылы қайтарылуы мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Кітапхана кітаптары

жоғалған, бүлінген жағдайда оқырмандар келтірілген залалды балама әдебиетпен өтейді.

Оқулықтарды сақтау жұмыстарын жүргізу

Оқулықтар қоры кітап қоймасында орналасқан. Оқулықтарды орналастыру сыныптар бойынша жүргізіледі. Жаңа оқулықтар түсуіне қарай оқулықтар оқулықтардың кітапхана қорының тіркеу карточкаларын толтырылып, тіркеу журналына тіркеледі.

Оқулықтарды алғаннан кейін оқушылармен оқулықтың қауіпсіздігі бойынша әңгімелесу жүргізіледі. Қолдану кезеңінде оқулықты зақымданудан және кірден қорғайтын берік мұқаба болуы керек екеніне саламыз. Оқулыққа қарындашпен немесе қаламмен шимайлауға, жазуға тыйым салынады.

Тоқсанына бір рет кітапхана кітапхана белсенділерімен бірге «Қалың қалай, оқулық?» атты оқулықтарды тексеру бойынша рейд жүргізіледі. Рейд қорытындысы мектеп әкімшілігінде айтылып, әр сынып жетешілігіне хабарланады.

Қаржыландыру мерзімі аяқталғаннан кейін оқулықтарды 4 жылда бір рет есептен шығарылуы тиіс (кейінгі кезде жаңа оқулықтың шығуына байланысты болып жатыр).

Кітапхана белсенділерімен (активі) жұмыс

Кітапхананың жылдық жұмыс жоспарын мектеп басшысы бекітеді. Бекітілген жұмыс жоспары негізінде кітапханада іс-шаралар жүйелі өткізіліп тұрады. Кітапхана белсенділерінің мүшелері кітапханашымен бірге келесі жұмыстарды орындайды:

- кітапхана өткізетін іс-шараларды дайындауға және өткізуге қатысу;
- техникалық жұмыстарға көмектесу;
- абонементте және оқу залында оқушыларға қызмет көрсетуге қатысу;
- кітаптарды жөндеу;
- «Қалың қалай, оқулық?» рейдін жүргізу.

2.6. Білім алушылардың білімін бағалау.

2.6.1. Оқушылардың 3 жылдағы үлгерімі мен білім сапасы Үлгерім -100%

Оқу жылы	Сыныптар			Жалпы білім сапасы
	1-4	5-9	10-11	
2021-2022	42,14%	28,43%	50%	34,81%
2022-2023	42,59%	31,25%	73,68%	37,31%
2023-2024 (3-тоқсан)	38,78%	31%	75%	34,64%

Соңғы 3 жылдағы білім сапасының мониторингі орта есеппен 35,58% құрайды. Білім сапасының талдауы бойынша 1-4 сыныптарда 1 пайызға, 5-9 сыныптарда 24 пайызға, 10-11 сыныптарда 24 пайызға, ал жалпы мектеп бойынша екі жылда 2 пайызға көтерілген.

1-4 сыныптардағы пәндер бойынша білім сапасы

№	Пәндер	Оқу жылдары		
		2021-2022	2022-2023	2023-2024
1	Қазақ тілі	51,22	49,07	47,96
2	Орыс тілі	46,34	56,48	51,02
3	Әдебиеттік оқу	50,41	52,78	50
4	Математика	49,59	50,93	47,96
5	Дүниетану	52,85	61,11	
6	Жаратылыстану	54,47	52,78	49,12
7	Шет тілі	57,72	51,85	49,12

3 жыл ішінде 1-4 сыныптардағы пәндер бойынша білім сапасының орташа есебі 2021-2022 оқу жылында- 51,8 %, 2022-2023 жылы- 53,57%, 2023-2024 оқу жылының III тоқсанында 49,19 пайызды көрсетті.

9-11 сыныптардағы пәндер бойынша білім сапасы

№	Пәндер	Оқу жылдары		
		2020-2021	2021-2022	2022-2023
1	Қазақ тілі	49,55	51,98	46
2	Қазақ әдебиеті	51,35	52,86	47,6
3	Орыс тілі мен әдебиеті	42,79	42,29	46,15
4	Математика	43,37	50	38,2
5	Алгебра	26,45	29,51	40,54
6	Геометрия	30,94	35,46	41,18
7	Физика	43,17	46,81	44,54
8	Жаратылыстану	50,6	46,51	38,2
9	Биология	59,71	51,06	60,5
10	География	48,2	51,06	55,46
11	Химия	56,12	58,16	55,98
12	Дүниежүзі тарихы	49,1	51,54	
13	Қазақстан тарихы	48,65	50,66	47,6
14	Адам .Қоғам. Құқық	60	64,52	
15	Информатика	79,73	86,34	100
16	Алгебра и начала анализа	55,56	73,68	75
17	Шет тілі	45,5	54,19	51,92

5-11-сыныптарда пән бойынша білім сапасының орташа есебі 2021-22 оқу жылында 52%, 2022-2023 оқу жылында 53%, 2023-2024 оқу жылының ІІІ тоқсанында 53 пайызды көрсетті.

Талдау нәтижесінде мектепте 3 жыл ішінде пән бойынша білім сапасының +1%-ға өскенін көреміз. Жекелей пәндер бойынша білім сапасы 5-11 сыныптарда қазақ тілі пәнінен 5%-ға, математикадан 5%-ға, жаратылыстану 12%-ға, географиядан 5%-ға, Қазақстан тарихы пәнінен білім сапасының 1%-ға төмендеуі байқалады. Басқа пәндерден өсу динамикасын көруге болады.

Мектептің білім сапасының төмендеуіне әсер еткен:

- оқушылардың физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері;
- оқушылар контингентінің аздығы;

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау.

Емтихандарды тапсыру, білім алушыларды ауыстыру және бітірушілерді тапсыру кезінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқу үлгерімінің ағымдағы мониторингін, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидалары басшылыққа алдынды.

Жыл сайын бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес 9 және 11 сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауын дайындау, ұйымдастыру және өткізу жұмыстары жүргізілді. Оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар қоғамдастығы арасында қорытынды аттестаттау мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары барысында негізгі орта және жалпы орта білім беру курстары бойынша білім алушыларды қорытынды аттестаттау жүргізудің Үлгілік қағидаларын зерделеу бойынша тапсырмалар берілді. Қорытынды аттестацияға дайындық барысында психологиялық қолдау көрсету аясында мектеп психологы, сынып жетекшілері мен психологиялық тренингтер, әңгімелер мен консультациялар өткізілді.

Педагогикалық кеңестерде 9,11-сыныптарда қорытынды аттестаттауды дайындау және өткізу сұрақтары қаралды.

Қосымша. Қорытынды емтихан хаттамалары
<https://cloud.mail.ru/public/9oXm/XmA7JCuYf>

2021-2022 оқу жылы

9-сыныптар

Пәндер	Жалпы оқушы саны	Тапсырған оқушы саны	«5» бағасы	«4» бағасы	«3» бағасы	Сапа %	Үлгерімі %
Қазақ тілі	37	37	5	15	17	54,05%	100%
Математика (алгебра)	37	37	1	10	26	29,73%	100%
Орыс тілі және әдебиеті	37	37	14	10	13	64,86%	100%

Биология	6	6	4	1	1	83,33%	100%
Қазақстан тарихы	25	25	1	12	12	52%	100%
Информатика	6	6	1	3	2	66,67	100%

Негізгі орта білім беру бойынша қорытынды аттестаттаудан 9-сыныптың 37 оқушысы бітіру емтиханына қатысты және негізгі орта білім туралы аттестаттар алды.

11-сынып

Пәндер	Жалпы оқушы саны	Тапсырған оқушы саны	«5» бағасы	«4» бағасы	«3» бағасы	Сапа %	Үлгерімі %
Қазақ тілі	8	8	3	2	3	62,5%	100%
Алгебра және анализ бастамалары	8	8	2	1	5	37,5%	100%
Орыс тілі және әдебиеті	8	8	0	2	6	25%	100%
Қазақстан тарихы	8	8	1	3	4	50%	100%
Биология	1	1	0	1	0	100%	100%
Физика	4	4	1	2	1	75%	100%
География	3	3	1	2	0	100%	100%

Жалпы орта білім беру бойынша қорытынды аттестаттаудан 11-сыныптың 8 оқушысы бітіру емтиханына қатысты және жалпы орта білім туралы аттестаттар алды. Жалпы орта білім беру бойынша үздік аттестатқа үміткер болған жоқ.

2022-2023 оқу жылы

9-сыныптар

Пәндер	Жалпы оқушы саны	Тапсырған оқушы саны	«5» бағасы	«4» бағасы	«3» бағасы	Сапа %	Үлгерімі %
Қазақ тілі	43	43	7	22	14	67,44%	100%
Математика (алгебра)	43	43	2	11	30	30,23%	100%
Орыс тілі	43	43	6	14	23	46,51%	100%
Физика	3	3	2	0	1	66,67%	100%

Биология	16	16	1	8	7	56,25%	100%
География	17	17	4	8	5	70,59%	100%
Қазақстан тарихы	3	3	0	0	3	0	100%
Информатика	3	3	2	1	0	100%	100%
Ағылшын тілі	1	1	1	0	0	100%	100%

Негізгі орта білім беру бойынша қорытынды аттестаттаудан 9-сыныптың 43 оқушысы бітіру емтиханына қатысты және негізгі орта білім туралы аттестаттар алды. Негізгі орта білім беру бойынша үздік аттестатқа үміткер болған жоқ.

11-сынып

Пәндер	Жалпы оқушы саны	Тапсырған оқушы саны	«5» бағасы	«4» бағасы	«3» бағасы	Сапа %	Үлгерімі %
Қазақ тілі	10	10	4	6	0	100%	100%
Алгебра және анализ бастамалары	10	10	3	4	3	70%	100%
Орыс тілі және әдебиеті	10	10	1	7	2	80%	100%
Қазақстан тарихы	10	10	5	5	0	100%	100%
Қазақ әдебиеті	2	2	1	1	0	100%	100%
Геометрия	3	3	2	1	0	100%	100%
Биология	3	3	1	2	0	100%	100%
Дүниежүзі тарихы	2	2	0	2	0	100%	100%

Жалпы орта білім беру бойынша қорытынды аттестаттаудан 11-сыныптың 10 оқушысы бітіру емтиханына қатысты және жалпы орта білім туралы аттестаттар алды. Жалпы орта білім беру бойынша үздік аттестатқа 1 үміткер Сапарғалиева Молдир қорытынды аттестациядан өту кезінде білімін растады.

2.6.3. 4,9-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау бойынша тестілеу қорытындысы.

2023 жылдың 13 ақпанында «Михаил Русаков атындағы мектеп-интернаты» КММ-нің 4,9-сынып оқушылары компьютерлік тестілеуден өтті. Тестілеу алдында жоспарлы түрде ата-аналар мен оқушыларға түсіндірме, дайындық жұмыстары жүйелі жүргізілді. Қарағанды облысы білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің ұсынған алгоритмі бойынша өткізілді. Мектеп бойынша 4,9-сыныптарда оқушы саны-70 оқушы, оның 65-і тестілеуге қатысты.

Қарағанды облысы білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету

№	Сынып	Сынып журналы бойынша тізімдегі білім алушылардың саны	Тестілеуге қатысқан білім алушылардың саны	Баға саны «5»	Баға саны «4»	Баға саны «3»	Баға саны «2»	Ортақ балл	Оң бағалардың пайызы
1	4А	16	15		1	6	8	36,4	46,6
2	4Ә	17	16		4	7	5	49,3	68,75
3	9А	17	16		1	9	6	43,3	62,5
4	9Ә	20	18			6	12	34,1	33,33

департаментінің бақылаушысы тестілеу барысын қадағалады. Тестілеу 4 ағымда жүргізілді. Іағым-15, Іағым-16, ІІІ ағым-16, ІV ағым-18 оқушы тапсырды. Бұл 70 оқушының 92,8 %- ын құрайды.

Қатысушылардың жоспарланған саны (65 адам), оның ішінде оқушылар:

- 4 сынып-31 (93,9%),
- 9 сынып-34 (91,8%).

Тестілеуге ПМПК қорытындысы және дәрігер қорытындысы бойынша 4 оқушы, денсаулық жағдайына байланысты 1 оқушы анықтама негізінде қатысқан жоқ.

4,9- сынып білім алушыларының оқыту нәтижелерін бағалау

Мектептегі орташа балл-41%

Оң бағалар саны-34

Оң бағалардың үлесі-100%

4-сыныптың оң бағалар пайызы-58%

9- сыныптың оң бағалар пайызы-47%

Тест көрсеткіші бойынша 9 «Ә» сыныбы басқа сыныптарға қарағанда төмен нәтиже көрсетті.

Қосымша. 4,9- сынып білім алушыларының оқыту нәтижелерін бағалау, 13-қосымша
<https://cloud.mail.ru/public/gMMm/a7eL6uRmH>

1.3. Білім алушылардың, педагогтердің, ата- аналардың (заңды өкілдерінің) сауалнама нәтижелерін талдау

Бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында – педагогтер, 4, 9-сыныптардың білім алушыларына және олардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) арналған онлайн сауалнама жүргізілді.

Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау

Қатысқаны – 46

Сауалнама қорытындысы бойынша ата-аналардың 91% мектепке деген көзқарасы жақсы қалыптасқан. Олардың көзқарасы бойынша сауалнамаға қатысқандардың ішінде 44 оқушы мектепке қуана барса, сыныпта қолайлы

атмосфера бар - 44, баланың жетістігін әділ бағалайтын мұғалімдерге 42 ата-ана оң бағаларын берген. Балаларының оқу жетістіктері мен мінез құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанамын деген ата-ана-45. Балаларының сынып жетекшісінің жұмысына 46 ата-ана қанағаттанып, ата-аналардың 100 % құрайды. Сонымен қоса педагогтар педагогикалық этика сақтайды деген сауалға 45 ата-ана «келісемін» деп жауап берген. Мектепте менің балам қауіпсіз деген сауалға 100% келісетіндерін көрсеткен. Олар біздің баламыздың денсаулығына қамқорлық жасайды деген сауалға 44 ата-ана «келісемін» деп жауап берген. Сондай-ақ мектеп әкімшілігінің жұмысына қанағаттанатындықтарын білдірген ата-аналар - 95% құрайды. Демек, ата-аналардың мектепке және пән мұғалімдеріне, мектеп әкімшілігіне деген көзқарастары жақсы қалыптасқан.

Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау

Қатысқаны- 15

Сауалнамаға қатысқан педагогтердің 100% осы мектепте жұмыс істегенін мақтан тұтып, мектеп әкімшілігінің жұмыс стиліне қанағаттанып әріптестер әрқашан бірі біріне көмек көрсете білетіндігін және мектептегі тамақтану сапасына қанағаттанатындығын, мектепте педагогтің кәсіби және шығармашылық өсуі үшін жағдай жасалғандығы туралы оң пікірлерін жазған.

Білімалушылардың сауалнама нәтижелерін талдау

Сауалнамаға 54 білімалушы қатысты. Нәтижесі бойынша өз мектебінде оқуға қызығатын – 50 оқушы, сүйікті пәні бар – 53 оқушы, сүйікті мұғалімдері бар – 51 оқушы, өз құқығын білетін 53 оқушы кездесті. Мектеп мұғалімдеріне қиын жағдайда кеңес пен көмек сұрауға болады деген сауалға 52 оқушы келісетіндіктерін білдірсе, менде мектеп істеріне қатысуға деген ұмтылыс пен қажеттілік бар деген оқушылардың үлесі 79% құрады. Ал өз мектебін жақсы көретін және онда оқығанын мақтан тұтатын оқушылардың саны 88% құрады. Демек, білімалушылардың да мектепке, пән мұғалімдеріне деген жақсы көзқарастары қалыптасқан.

Сауалнама қорытындысы бойынша 80%-дан 100%-ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған деп бағаланып, «5» балмен бағаланды.

Қорытынды

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы бағалау өлшемшарттары бойынша 2021-2022 оқу жылынан бастап 2023-2024 оқу жылына дейінгі мектеп-интернатының жұмысын талдай отырып, құрылған комиссия (03.11.2023 жыл №3 педкеңес) білім беру ұйымын мемлекеттік аттестаттау шеңберінде «үлгілі» (55 балл) деп бағалады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымының қызметіне қойылатын біліктілік талаптары толық орындалды.

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымының өлшемшарттарына сәйкес:

1) Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының талаптарына сәйкес келеді. (барлық бағаланатын кездегі оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі).

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес оқу пәндерінің базалық мазмұны іске асырылған.

3) Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысы іске асырылған.

4) Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көртөмендік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру жүзеге асырылған. (барлық бағаланатын кездегі тәрбиенің жоспарларының, есептерінің көшірмелері қоса беріледі).

5) Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесі ұйымдастырылған. (барлық бағаланатын кездегі ЕББҚЕ оқушылардың анықтамаларының, жекелей үйде оқитын оқушылардың құжаттарының, мүгедек балалардың анықтамаларының көшірмелері қоса беріледі).

6) ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстары іске асырылған. (барлық бағаланатын кездегі вариативтік сабақ кестелерінің көшірмелері қоса беріледі).

7) "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы толық игерілген.

8) "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсы жүзеге асырылған.

9) Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі – 80-94 % құрайды, «3» балға сәйкес келеді.

10) Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір

реттен сиретпей) үлесі - 80 - 94% құрайды, «3» балға сәйкес келеді.

11) Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі- 80-94 % құрайды, «3» балға сәйкес келеді.

12) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог- шеберлердің **бастауыш білім беру деңгейіндегі** педагогтердің жалпы санынан үлесі **жалпы білім беретін мектептер**, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер 45 %-дан жоғары, «5» балға сәйкес келеді.

13) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог- шеберлердің негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі **жалпы білім беретін мектептер**, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер - 35% -дан 44 % аралығын құрайды, «3» балға сәйкес келеді.

14) Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы - 95 - 99 % құрайды, «4» балға сәйкес келеді.

15) Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау -95 - 99 % құрайды, «4» балға сәйкес келеді.

16) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13070 тіркелген), 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрықтарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі -100% құрайды, «5» балға сәйкес келеді.

17) Білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толықтырылуының сәйкестігі (топтар/сыныптар бөлінісінде) -95 - 99 % құрайды, «4» балға сәйкес келеді.

18) Оқыту нәтижелері (білім, білік және дағды сапасын бағалау) компьютерлік тестілеудің қорытындысы бойынша барлық тестіленетін бағыттар бойынша оң жауаптардың үлесі 40 -64 %-ға дейін құрайды, «3» балға сәйкес келеді.

19) Білімалушылардың сауалнама нәтижелерін талдау -80 - 100 %

кұрайды, «5» балға сәйкес келеді.

20) Педагогтердің сауалнама нәтижелері- 80 - 100% құрайды, «5» балға сәйкес келеді

21) Ата-аналардың сауалнама нәтижелері - 60 - 70 % құрайды, «4» балға сәйкес келеді.

Қосымша. Қорытынды құжат

<https://cloud.mail.ru/public/zMYh/ZDdwE5z14>